



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»**

студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»**

**PROCEEDINGS**

of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»**



14<sup>th</sup> April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»  
студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS  
of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2017»**

**2017 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2017

3. Бейсенов А.З. Центральный Казахстан: история археологического изучения региона // Археология Казахстана в эпоху независимости: итоги, перспективы: Материалы международной научной конференции, посвященной 20-летию Независимости Республики Казахстан и 20-летию Института археологии им. А.Х. Маргулана КН МОН РК. – Алматы, 2011. Т. 1. – С. 41-50.

4. Первые исследователи края : рек. указ. лит. / Долгопятова Р.М. - Усть-Каменогорск : [б. и.], 1993. – 32

ӘОЖ 811.512.1'34

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНЕ АРАБ ЖӘНЕ ПАРСЫ ТІЛДЕРІНЕН ЕНГЕН ОРТАҚ СӨЗДЕРДІҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Кумашева Назым Серікқызы**

Kumasheva\_naz@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰҒ халықаралық қатынастар факультетінің Түркітану  
мамандығының 2-курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Э.Ш.Қалжанова

Қай тілдің болса да, сөздік құрамы өзінің даму барысында басқа тілдерден енген сөздермен де толықтырылып отырады. Сөздің бір тілден екінші тілге енуі, тарихи жағдайға және экономикалық, сауда, саяси немесе мәдени қатынастарға байланысты болады. Мұндай мемлекетаралық қатынастар халықтарға зат алмастырумен қатар, ол заттардың атауларын да ауыстыру мүмкіндігін береді.

Қазақ тілі мен түрік тіліне, әсіресе араб және парсы тілдерінен көптеген сөздер енгені мәлім. Жалпы түркі тілдеріне араб-парсы тілдерінен сөздердің енуі негізінде VIII–XI ғасырларда исламның енуімен байланысты болған.

Қазақ тілі мен түрік тілі лексикасынан орын алатын араб-парсы сөздері өз арнасын сонау VIII–IX ғасырлардан бастайды. VIII ғасыр шамасында арабтар Орта Азия және Қазақстан жерін басып алады. Көрнекті тіл мамандары В.В. Радлов және Н.Т. Сауранбаев өз зерттеулерінде қазақ тілінде араб-парсы тілдерінен VIII–XI ғасырларда енген сөздердің сан мөлшері өзге түркі халықтарына қарағанда недәуір аз екендігін көрсеткен болатын. Белгілі тіл білімінің зерттеушісі Ш.Қ. Бектұров қазақ тіліне араб-парсы сөздері тәжік және өзбек тілдері арқылы мынадай жолдармен енгендігін айтады:

1. Шаруашылық, сауда қатынастары арқылы енген сөздер: айна, таға, орамал, перде, базар, таразы, т.б.

2. Мәдени және ғылыми қарым-қатынастар арқылы, әсіресе, Фирдоуси, Науаи, Омар Хайям мен Хафиз шығармаларымен бірге енген сөздер: мектеп, мереке, емтихан, ғылым, ғалым, пән, медресе, мағлұмат, т.б.

3. Исламға байланысты енген сөздер: құдай, Алла, молда, мешіт, шарифат, ораза, намаз, аруақ, ақырет, мұнара, т.б.

Парсы және араб тілдерінен енген ортақ сөздер қатары қос тілдің де тілдік қатысымда жиі кездеседі. Осындай сөздерді талдау барысында төмендегідей басты фонетикалық ерекшеліктерді байқадық:

Араб тілінен енген кейбір сөздердегі еріндік дауыстылар екі тілде де езулік дауыстыға айналған.

### **Мысалы:**

<i>Қазақ тілінде</i>	<i>Түрік тілінде</i>	<i>Араб-парсы тілінде</i>
қалампыр	karanfıl (каранфил)	каранфул (а)
нәзік	nazik (назик)	назук(п)
мақала	makale (макале)	мәкале (а)
пақыр	fakir (факир)	фәқир (а)

### **Х > Қ алмасуы**

Араб-парсы тілдерінен енген кейбір сөздерде “х” дыбысы қазақ тілінде әдетте “қ” дыбысына ауысса, түрік тілінде еш өзгеріске ұшырамаған.

#### **Мысалы:**

<i>Қазақ тілінде</i>	<i>Түрік тілінде</i>	<i>Араб-парсы тілінде</i>
қожа	hoca (ходжа)	ходжа (п)
әруақ	ervah (ервах)	аруах (а)
қате	hata (хата)	хата (а)
ақымақ	ahmak (ахмак)	әхмак (а)
тақ	taht (тахт)	тахт (п)
тақта	tahta (тахта)	тахте (п)
қиял	hayal (хаял)	хаял (а)
құрма	hurma (хурма)	хұрма (п)
сиқыр	sihir (сихир)	сихр (а)

Араб тілінен енген, “х” дыбысымен басталатын кейбір сөздерде қазақ тілінде “х” дыбысы түсіп қалса, түрік тілінде сол қалпында сақталған.

#### **Мысалы:**

<i>Қазақ тілінде</i>	<i>Түрік тілінде</i>	<i>Араб тілінде</i>
айуан	hayvan (хайван)	хайван (а)
ақиқат	hakikat (хакикат)	хакикат (а)
арам	haram (харам)	харам (а)
ауа	hava (хава)	хэва (а)

Қазақ тілінде осы қатардағы кейбір сөздер әдеби және ауызекі тілде мағыналық өзгеріске ұшырамастан екі нұсқада да қолданыла береді: хайуан ~ айуан, харам ~ арам, хақ ~ ақ, халуа ~ алуа.

### **А > И алмасуы**

Араб парсы тілдерінен неген кейбір сөздердегі “а” дыбысы түрік тілінде өзгеріске ұшырамай қазақ тілінде “и” дыбысына алмасқан

#### **Мысалы:**

<i>Қазақ тілінде</i>	<i>Түрік тілінде</i>	<i>Араб-парсы тілінде</i>
қиял	hayal (хаял)	хайал (а)

### **Г > К алмасуы**

Араб-парсы тілдерінен енген, “г” дыбысымен басталатын кейбір сөздер қазақ тілінде “к” дыбысына алмасып, түрік тілінде ешқандай өзгеріске ұшырамайды.

#### **Мысалы:**

<i>Қазақ тілінде</i>	<i>Түрік тілінде</i>	<i>Араб-парсы тілінде</i>
күнә	günah (гүнаһ)	гүнаһ(п)

Араб-парсы тілдерінен енген кейбір сөздердің қазақ тілінде сөз басында, ортасында, соңында бір дыбысы түсіп қалуы жиі ұшырасады. Түрік тілінде болса, бастапқы тұлғасын сақтайды.

#### **Мысалы:**

<i>Қазақ тілінде</i>	<i>Түрік тілінде</i>	<i>Араб-парсы тілінде</i>
дұрыс	dürüst (дүрүст)	дүрүст (п)
дүкен	dükkan (дүккан)	дүккэн (а)
тақ	taht (тахт)	тахт (п)
куат	kuvvet (күввет)	күввэт (а)

Араб-парсы тілдерінен енген кейбір сөздер түрік тілінде сол қалпында сақталып, қазақ тілінде сөз соңында бір әріп қосылған.

**Мысалы:**

<i>Қазақ тілінде</i>	<i>Түрік тілінде</i>	<i>Араб-парсы тілінде</i>
бәлкім	belki (белки)	бәлки ( а п )

Бұл сөз қазақ тілінде “бәлки” тұлғасында да қолданылады.

Араб-парсы тілдерінен енген кейбір сөздер қазақ және түрік тілдеріне ену барысында сөз ортасында дауысты дыбыс қосылған.

**Мысалы:**

<i>Қазақ тілінде</i>	<i>Түрік тілінде</i>	<i>Араб-парсы тілінде</i>
Парық	fark (фарк)	фарк(а)
Қүдірет	kudret (кудрет)	кудрет(а)
ақыл	akıl (ақыл)	акл(а)
айып	ayıp (айып)	айб(а)

**А > Ә алмасуы**

Араб-парсы тілдерінен енген кейбір сөздердің басында кездесетін “а” дыбысы түрік тілінде өзгеріске ұшырамай, қазақ тілінде “ә” дыбысына алмасқан.

**Мысалы:**

<i>Қазақ тілінде</i>	<i>Түрік тілінде</i>	<i>Араб-парсы тілінде</i>
әскер	asker (аскер )	аскер(а)
тәмәм	tamam (тамам)	тәмам(а)
нәзік	nazik (назик)	назук(п)

**Е > А алмасуы**

Араб-парсы тілдерінен енген кейбір сөздерде екі тілде де “е-а”, “а-е” дыбыстары алмасады

**Мысалы:**

<i>Қазақ тілінде</i>	<i>Түрік тілінде</i>	<i>Араб-парсы тілінде</i>
дастан	destan (дестан)	дастан (п)
тақта	tahta (тахта)	тахте (п)

**Б < П алмасуы**

Араб парсы тілдерінен енген кейбір сөздер қазақ тілінде өзгермей немесе “п” дыбысына алмасып түрік тілінде болса “б” дыбысы “п” дыбысына алмасқан.

**Мысалы:**

<i>Қазақ тілінде</i>	<i>Түрік тілінде</i>	<i>Араб-парсы тілінде</i>
базар	pazar (пазар)	базар (п)
айып	ayıp (айып)	айб(а)

**А(айын)<Ғ алмасуы**

Араб тілінен енген сөздердегі айын әрпі қазақ тілінде “ғ” дыбысына алмасып, түрік тілінде болса, бұл дыбыс түсіп қалған.

**Мысалы:**

<i>Қазақ тілінде</i>	<i>Түрік тілінде</i>	<i>Араб-парсы тілінде</i>
ғажайып	asaуір (аджайип)	аджайб(а)
ғалым	alim (алим)	аалим(а)
ғалам	alem (алем)	алем(а)
мағына	mana (мана)	ма:на(а)
сағат	saat( саат)	саат(а)
табиғат	tabiat (табиат)	табиат(а)

**Н > М алмасуы**

Араб-парсы тілдерінен енген кейбір сөздергі “н” дыбысы түрік тілінде өзгермей қазақ тілінде “м” дыбысына алмасқан.

**Мысалы:**

<i>Қазақ тілінде</i>	<i>Түрік тілінде</i>	<i>Араб-парсы тілінде</i>
қалампыр	karanfil(каранфил)	каранфул (а)

### Ф>П алмасуы

Араб тілінен енген кейбір сөздергі “ф” дыбысы түрік тілінде өзгермей қазақ тілінде “п” дыбысына алмасқан.

#### Мысалы:

<i>Қазақ тілінде</i>	<i>Түрік тілінде</i>	<i>Араб-парсы тілінде</i>
пақыр	fakir (факир)	фақир (а)
пікір	fikir (фикир)	фикр (а)
парық	fark (фарк)	фарк (а)
пітір	fitre (фитре)	фитра (а)

### Д>Т алмасуы

Араб-парсы тілдерінен енген кейбір сөздергі “д” дыбысы екі тілде де “т” дыбысына алмасқан.

#### Мысалы:

<i>Қазақ тілінде</i>	<i>Түрік тілінде</i>	<i>Араб-парсы тілінде</i>
мақсат	maksat (максат)	максад (а)
кілт	kilit (килит)	килид (п)

Басқа да араб-парсы сөздерінің екі дыбыстары қатар келген жағдайда және олар қазақ және түрік тілдеріне ауысқан кезде арадағы бір дыбыс айтылмай түсіп қалады.

#### Мысалы:

<i>Қазақ тілінде</i>	<i>Түрік тілінде</i>	<i>Араб-парсы тілінде</i>
ниет	niyet (ниет)	нийэт (а)
әдебиет	edebiyat (әдебият)	әдебийэт (а)
мәдениет	medeniyet (медениет)	мэденийэт (а) «й» дыбысы қазақ тілінде де түсіп қалған.

Егер араб-парсы сөздерінің ортасында немесе сөз соңында екі дауыссыз дыбыс қатарынан келсе, онда бұл лексикалық элементтер қазақ және түрік тілдеріне ауысқанда осы екі дауыссыз дыбыстың арасына дауысты дыбыс енетін болады.

#### Мысалы:

<i>Қазақ тілінде</i>	<i>Түрік тілінде</i>	<i>Араб-парсы тілінде</i>
ілім	ilim (илим)	илм (а)
әмір	emir (эмир)	емр (а)
сиқыр	sihir (сихир)	сихр (а)
пікір	fikir (фикир)	фикр (а)
сабыр	sabir (сабыр)	сабр (а)

### ДЖ< Ч алмасуы

Араб парсы тілдерінен енген кейбір сөздердегі “дж” дыбысы қазақ тілінде өзгеріссіз қолданылып, түрік тілінде “ч” дыбысына алмасады.

#### Мысалы:

<i>Қазақ тілінде</i>	<i>Түрік тілінде</i>	<i>Араб-парсы тілінде</i>
тәж	taç (тач)	тадж (а)
лаж	ilaç (илач)	иладж (а)
мұқтаж	muhtaç (мухтач)	мухтадж (а)
қанжар	hançer (ханчер)	ханджер (а)

Араб-парсы тілдерінен енген сөздерде екі тілде де өзгеріске ұшырамайтын сөздер кездеседі.

#### Мысалы:

<i>Қазақ тілінде</i>	<i>Түрік тілінде</i>	<i>Араб-парсы тілінде</i>
ар	ar (ар)	ар (а)
зарар	zarar (зарар)	зарар (а)
иман	iman (иман)	иман(а)

Қорыта айтқанда, қазақ және түрік тілдерінің сөздік құрамына араб және парсы тілдерінен ауысып келген сөздер, осы сөздерді құрайтын дыбыстар қазақ және түрік тілдерінің фонетикалық заңдылықтарына сәйкес тиісті өзгерістерге ұшыраған. Араб-парсы сөздерінің дыбыстық бейнесін өзгертпей қаз-қалпында қабылдау мүмкін емес. Себебі кірме сөздерде қазақ және түрік тілдерінің фонетикалық талаптарына сай келмейтін дыбыстар бар екені белгілі. Араб-парсы сөздері түрік тілінде қазақ тілімен салыстырғанда бастапқы тұлғасын жалпы сақтаған. Бұны Осман империясы дәуірінде парсы әдебиетінің дамуымен және түрік тіліне бұл сөздердің тікелей жазба әдебиетінен енуімен байланысты. Сөйтіп, қазақ тілі араб-парсы элементтерін фонетикалық тұрғыдан қайта өңдеп, кірме сөздердің дыбыстық комплексін ана тіліміздің нормаларына бейімдеп алды. Қазақ және түрік тілінің табиғатына жат дыбыстар айтылмай сөз ішінен түсіп қалды. Қазақ және түрік тілдеріне енген араб-парсы сөздеріндегі белгілі бір дыбыстың бір дыбысқа алмасуы, кейбір жағдайда екі тілге жат дыбыстардың түсіп қалуы, сөз арасына дыбыстардың енуі, сан қилы дыбыстардың өзара үндесіп жатуы, сөз бейнесін өзгертіп жіберуі түрік және қазақ тілдерінің ішкі заңдылықтарына байланысты екенін байқауға болады. Сонымен, қазақ-түрік тілдеріне әбден сіңісіп, калыптасып кеткен араб-парсы сөздері екі тілдің фонетикалық заңдылығына сәйкес бейімделіп, өздерінің алғашқы дыбыстық тұлғасын едәуір өзгертіп жібергенін көруге болады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ғалманұлы Сәкен Арабша-қазақша сөздік: I томның 1-кітабы.-Алматы: “Арда”,2005. - 208 бет.
2. Berkmuhambetov E. B. Kazak tilderindegi arab-parsi sozderi. Tusindirme sozdik. – Almaty, 1977
3. АРАБША- ПАРСША ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІК- Алматы: Білім, 2011. Т.1-408 б
4. Usup N. Kazak onomastikasinin genderlik sipati // <http://www.rusnauka.com>
5. Zhylykbaeva A. Sh. Salt-dasturdyn tildegi korinisi. – Oskemen, 2004, – 84 b,
6. Gabitkhanuly K. Nanyim-senimge bailanisti kazak tilindegi tirkester, – Almaty, 1995. – 182 b.
7. Etingen L. Mifologicheskaya anatonia – M.: IOI, 2006. – 528 s.
8. Isaeva Zh. I. Duniyenin paremiologialyk beinesi // avtoreferat. – Almaty, 2007. – 30 s.
9. Avakova R. A. Frozeologizmder – ulttik madenyettin ainasi. – Almaty, 1999.
10. Kenan K. Kazaksha-turukshe sozdik. – Turkistan, 2003.
11. 3 Ondasinov N. Parsisha-kazaksha tusindirme sozdik. – Almaty, 1974.

ӘОЖ 81'04

#### **АХМЕТЯСАУИДІҢ «ДИУАНИ ХИКМЕТ» ЖӘНЕ ӨТЕМІС ҚАЖЫНЫҢ «ЧИНГИЗ-НАМЕ» ЕСКЕРТКІШТЕРІ: ТАРИХИ-ТІЛДІК САБАҚТАСТЫҚ**

**Қайратқызы Әсем**

Shin-aseм\_96@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ түркітану мамандығының 4 курс студенті

Ғылыми жетекшісі – М.М.Қосыбаев

Қазіргі түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің қоғам сұранысын толықтай өтейтін ұлттық жазба әдеби тіл болып, жан-жақты дамуы бір ғана ғасырдың жемісі деуге, әрине, әсте болмайды. Мұндай деңгейге түркі тілдері тарихи дамудың ұзақ жылдарын басынан өткеріп барып жетті. Бұл жайлы Р. Сыздық: «Халықтың әдеби тілінің қалыптасып, дамуы сол халықтың әлеуметтік тарихымен тығыз байланысты. Қауымның ру-тайпалық деңгейін былай қойғанда, бірнеше саяси-территориялық бөлініп, бытырап келген феодалдық дәуіріндегі әдеби тілі мен ұлт болып құралған кезіндегі әдеби тілі бірдей болмақ емес. Әсіресе